Бекітемін
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Ректор өкілі м.а
______________ Нажи Генч
«29» ___01___ 2025 ж.

Бекітемін
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Ректоры
______________ Ж.Темірбекова
«29» ___01___ 2025 ж.

# САПА МЕНЕДЖМЕНТІНІҢ ЖҮЙЕСІ

## КЕҢЕС ЕРЕЖЕСІ
***КЕ-СМЖ-002-2025***

## ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС ЕРЕЖЕСІ

## АЛҒЫ СӨЗ

1 Ғылым департаменті тарапынан ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ

2 Әзірлеген – Ғылым департаментінің директоры Х.Масадиков

3 Келісілді
– Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры А.Ошибаева
– Қаржы және халықаралық байланыстар вице-ректоры М.Гиритлиоғлу
– Заң бөлімінің басшысы Г.Мусаханов
– Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының басшысы С.Қырықбаева
– Кадр бөлімінің басшысы Ж.Сыздықова

4 ЕНГІЗІЛДІ – 2025

5 Тексеру мерзімі – 2027

**Қызметтік қолданыс үшін басылым**

**Түркістан**

# МАЗМҰНЫ

1. Қолданылу саласы
2. Нормативтік сілтемелер
3. Атаулар, анықтамалар және қысқартулар
4. Жалпы ережелер
5. Жауапкершілік және өкілеттілік
6. Диссертациялық кеңестің қызметін ұйымдастыру
7. Диссертациялық кеңестің қызметтері
8. Диссертацияларды қабылдау және қарау ережелері
9. Диссертациялық кеңес жұмысының тәртібі
10. Аппеляция өткізу тәртібі
11. Дәрежелерді беру ережесі
12. Атестациялық істің дайындалу тәртібі
13. Қорытынды ережелер
14. Өзгерістерді енгізу тәртібі
15. Келісу, сақтау және тарату
16. Қосымшалар

## 1. ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

1.1 Диссертациялық кеңес ережесі (бұдан әрі – Ереже) Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде (бұдан әрі - Университет) докторлық диссертацияларды қарау және қорғау шараларын жүргізуге қойылатын жалпы талаптарды анықтайды.

1.2 Бұл Ереже Диссертациялық кеңестің қызмет тәртібін анықтайтын негізгі құжат болып табылады.

1.3 КЕ-СМЖ-002-2025 Ережесі Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті СМЖ құжаттарының құрамына кіреді.

## 2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

2.1 Бұл Ереже келесі нормативтік құжаттар негізінде жасалынған:

- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 «Білім туралы» Заңы;
- «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2024 жылғы 1 шілдедегі № 103-VIII ҚРЗ;
- «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы;
- «Диссертациялық кеңес туралы үлгі ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы №126 бұйрығы;
- «Дәрежелерді беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы №127 бұйрығы;
- УЕ-ХҚТУ-104-2021 Зерттеу этикасы бойынша жергілікті комиссияның ережесі.

## 3. АТАУЛАР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

*3.1. Кеңестің осы Ережесінде төмендегі қысқартулар қолданылады:*

Университет – Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті;

Комитет - Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті;

ҰМҒТСО - Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы.

МЖМБС – Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты;

ДҒЗЖ - докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы;

ДЭЗЖ - докторанттың эксперименттік-зерттеу жұмысы.

3.2 Ережеде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

*диссертациялық кеңестер* – докторанттардың диссертациялық жұмыстарын қорғауды жүргізетін жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының (бұдан әрі – ЖЖОКБҰ) жанындағы алқалы органдар;

*диссертация* - философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор даярлаудың білім беру бағдарламасының шеңберінде нақты мамандық бойынша Қазақстан Республикасында немесе шетелде қорғалған біліктілікті айқындайтын ғылыми жұмыс;

*философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор* – ғылыми-педагогикалық бағыт немесе кәсіптік қызметтің тиісті саласы бойынша докторантура бағдарламасын меңгерген және Қазақстан Республикасында немесе одан тыс жерде диссертация қорғаған адамдарға берілетін, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен танылған дәрежелер.

*диссертациялық кеңес комиссиясы* - диссертацияда докторанттың авторы мен дереккөзіне сілтеме жасалмаған материалды пайдаланғанын (плагиат) тексеру үшін Диссертациялық кеңес мүшелерінен құралған орган;

*плагиат* - бөтен туындыны тұтастай немесе оның бір бөлігін касақана оз авторлығына иемдену, сондай-ақ құжат мәтініндегі материалды бұрын жарияланған құжаттардағы авторға

және (немесе) дереккөзге сілтеме жасалған немесе сілтеме жасалмаған күнде өз материалы ретінде көрсету, шеттен алынған материалдардың колемі мен сипаты орындалған жұмыстың дербестігіне күмән келтіретін мәтін;

*Хирш индексі* - жарияланымдар саны мен дәйексөздер санына негізделген ғалым, ғалымдар тобы, ғылыми ұйым немесе елдің жалпы өнімділігінің ғылыми өлшемдік көрсеткіші;

*ғылыми семинар* - негізделген қорытындыны қалыптастыру мақсатында (PhD) докторанттардың диссертациялық зерттеулерін ұжымдық талқылау формасы;

*апелляциялық комиссия* - диссертацияларды қорғау нәтижелері бойынша даулы мәселелерді шешу мақсатында құрылған орган.

## 4. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

4.1 Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті жанындағы Диссертациялық кеңес өз қызметінде Қазақстан Республикасы заңнамасын және осы Ережені басшылыққа алады.

4.2 Диссертациялық кеңес:

- ұсынылған диссертациялардың Дәрежелерді беру қағидаларында белгіленген критерийлерге сәйкестігін анықтайды;
- философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін береді;
- осы Ережеде айтылған тәртіпте өз қызметі туралы есеп береді және талдау жүргізеді;
- осы Ережеде белгіленген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады

4.3 Диссертациялық кеңес диссертацияларды қорғау жөнінде қабылданатын шешімдердің сапасына, объективтілігіне және негізділігіне жауап береді.

## 5. ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІЛІК

5.1 Осы Ережені Университеттің Ректоры және Ректор өкілі бекітеді.

5.2 Осы Ереже университет Ректоры және Ректор өкілі бекіткен күннен бастап күшіне енеді.

5.3 Диссертациялық кеңестердің төрағалары осы Ереженің талаптарын орындауға, диссертациялық кеңестердің қызметі мен жұмысын ұйымдастыруға жауапты.

5.4 Диссертациялық кеңестің ғылым хатшысы осы Ереженің белгіленген мерзімдердің сақталуы туралы ережелерін орындауға жауапты.

5.5 Егер осы Ереженің талаптары орындалмаса, диссертациялық кеңестің төрағасы 10 күн ішінде Университет басшылығына түсініктеме береді.

5.6 Диссертациялық кеңестің мүшелері диссертациялық кеңестің отырыстарына қатысуға міндетті. Күнтізбелік жыл ішінде диссертациялық кеңестің үш отырысына дәлелді себептермен қатыспаған диссертациялық кеңестің мүшесі диссертациялық кеңес төрағасының ұсынысы бойынша тиісті диссертациялық кеңестің құрамынан шығарылады.

5.7 Диссертациялық кеңестің төрағасы диссертацияларды қорғау бойынша қабылданған шешімдердің сапасына, объективтілігіне және негізділігіне жауап береді.

5.8 Диссертациялық кеңестің төрағасы университеттің интернет-ресурсында кеңестің қызметі туралы ақпаратты уақытылы және сапалы орналастыруға жауапты.

5.9 Осы Ереженің талаптарының орындалуын бақылауды Ғылым департаментінің директоры және Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры жүзеге асырады.

## 6. ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

6.1 Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Диссертациялық кеңестері күнтізбелік 3 (үш) жылға құрылады және Университетте кадрлар даярлаудың тиісті бағыттары бойынша:

1) докторантура бағдарламасы бойынша білім беру қызметін жүргізуге арналған лицензия және (немесе) лицензияға қосымша;

2) «Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 22-бабының 2-тармағына сәйкес соңғы 3 (үш) жылда Жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларының тізіліміндегі докторантураның білім беру бағдарламалары;

3) кемінде 3 (үш) жыл мерзімге аккредиттелген және Министрлік туралы ереженің 15-тармағының 21) тармақшасына сәйкес Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының аккредиттелген білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізілген докторантураның білім беру бағдарламалары;

4) Министрлік туралы ереженің 15-тармағының 3) тармақшасына сәйкес оқытудың 1 (бірінші), 2 (екінші) және 3 (үшінші)-жылына даярлау бағыты бойынша бөлінген мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алушылардың контингенті болған жағдайда жұмыс істейді.

6.1.1 Консорциалдық келісім болған жағдайда ЖЖОКБҰ-ның (бұдан әрі – әріптес ЖЖОКБҰ) мыналары бар:

1) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектісі ретінде аккредиттелуі;

2) әріптес ЖЖОКБҰ докторанттары қатысатын мемлекеттік бюджеттен бағдарламалық-нысаналы немесе гранттық қаржыландыру шеңберінде соңғы 3 (үш) жылда докторантура кадрларын даярлаудың тиісті бағыттары бойынша орындалып жатқан немесе орындалған жобалары;

3) осы Ереженің 6.6-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген халықаралық рецензияланатын басылымдарда жарияланымдары бар, даярлау бағыты бойынша кемінде 3 (үш) ғалымы;

4) тиісті немесе аралас даярлау бағыты бойынша әріптес ЖЖОКБҰ-ның білім беру процесіне қатысатын кемінде 3 (үш) ғалымы ғылыми ұйымдармен бірлесіп, диссертациялық кеңестер құруына жол беріледі.

Диссертациялық кеңес құру туралы ақпарат Ректордың бұйрығы шыққан күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде университеттің интернет-ресурсында орналастырылады.

6.2 Диссертациялық кеңестің құрамы 7 (жеті) адамнан аспауы тиіс. Диссертациялық кеңестің барлық мүшелерінде ғылыми дәрежесі (ғылым кандидаты, ғылым докторы, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі бар.

Диссертациялық кеңестің кемінде 3 (үш) мүшесі басқа ЖЖОКБҰ-лардың, ғылыми және (немесе) басқа да ұйымдардың өкілдері болып табылады.

Диссертациялық кеңестің құрамында диссертациялық кеңестің 4 (төрт) мүшесі, оның ішінде төраға, төраға орынбасары және ғалым хатшы тұрақты мүшелер болып табылады.

Диссертациялық кеңестің құрамында диссертациялық кеңестің 3 (үш) мүшесі докторлық зерттеу саласына байланысты докторанттың қорғау кезеңіне уақытша тағайындалады.

Бұл ретте 8D01 Педагогикалық ғылымдар, 8D02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар білім беру салалалары үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 127 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6951 болып тіркелген) бекітілген Дәрежелерді беру қағидаларының 6-тармағына сәйкес халықаралық рецензияланатын басылымдарда мақаласы жоқ докторант қорғайтын жағдайда, диссертациялық кеңестің уақытша құрамына докторанттың диссертациялық жұмысына пікір беретін 1 (бір) шетелдік ғалым тартылады. Шетелдік ғалым келесі талаптардың біріне сәйкес келеді:

1) шетелдік ғалымның жұмыс орны Academic Ranking of World Universities (Академик Ранкинг оф Ворлд Юниверситиес) немесе Times Higher Education World University Rankings (Таймс Хайер Едукейшн Ворлд Юниверсити Ранкинг) немесе US News Best Global

Universities Rankings (ЮС Ньюс Бест Глобал Юниверситис Ранкинс) халықаралық рейтингінің топ-500 (бес жүз) құрамына кіретін университет болып табылады;

2) шетелдік ғалым соңғы 5 (бес) жылда Web of Science Core Collection (Вэб оф Сайнс Кор Коллекшн) (Arts and Humanities Citation Index (Артс энд Хьюманитис Цитэйшэн Индекс), Social Sciences Citation Index (Сошиал Сайенсиз Цитэйшэн Индекс) бөлімдері) деректер базаларында индекстелетін журналдарда кемінде 2 (екі) мақала және (немесе) шолу жариялаған;

3) шетелдік ғалымда Elsevier (Эльзевир), Brill (Брилл), CRC Press (СРС Пресс), DeGruyter (ДеГрюйтер), Edward Elgar Publishing (Эдвар Элгар Паблишинг), John Wiley & Sons (Джон Уайли және Сонс), McGraw Hill (Макроу Хилл), Palgrave Macmillan (Палгрейв Макмиллан), Peter Lang (Питер Лэнг), Prentice Hall (Прентис Холл), Routledge (Рутледж), Sage Publications (Сэйдж Публикейшен), Springer Nature (Шпрингер Нэйчар), Taylor and Francis (Тейлор және Фрэнсис), Wolters Kluwer (Вольтерс Клувер) баспаларында (бұдан әрі – сенімді баспалар) немесе US News Best Global Universities Rankings (ЮС Ньюс Бест Глобал Юниверситис Ранкинс) немесе Academic Ranking of World Universities (Академик Ранкин оф Ворлд Юниверситис) немесе Times Higher Education World University (Таймс Хайр Эдюкейшн Ворлд Юниверсити) топ-100 (жүз) рейтингіндегі университет баспасында шығарылған монографиясы бар.

Диссертациялық кеңестің уақытша мүшелері ретінде докторанттың ғылыми кеңесшілері, сондай-ақ докторантпен және оның ғылыми кеңесшісімен үлестес тұлғалар:

1) жақын туыстар – ата-аналар (ата-ана), балалар, асырап алушылар, асырап алынғандар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек ағалы-інілер мен апалы-сіңлілер (аға-қарындастар), ата, әже, немерелер;

2) диссертация орындалған және (немесе) докторант тапсырыс беруші немесе орындаушы (тең орындаушы) болып табылатын ғылыми зерттеу жұмыстары жүргізілген ЖЖОКБҰ-ның және (немесе) ғылыми ұйымдардың құрылымдық бөлімшелерінің басшылары және қызметкерлері;

3) соңғы 3 (үш) жыл ішінде бірге жариялаған мақалалардың және шолулардың тең авторлары;

4) соңғы 3 (үш) жылда диссертацияның мазмұны бойынша Комитеттің теріс шешімін алған диссертациялар бойынша оң қорытынды берген ғылыми кеңесшілер немесе ресми рецензенттер болған мамандар тағайындалмайды.

6.3 Диссертациялық кеңестің құрамына:

- Университет Ректоры;
- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің қызметкерлері;
- соңғы 5 (бес) жылда диссертацияның мазмұны бойынша Комитеттің теріс шешімін алған диссертациялар бойынша ғылыми консультанттар, жетекшілер болған мамандар кірмейді.

6.4 Әріптес ЖЖОКБҰ мен ғылыми ұйым арасында ғылыми кадрлар даярлау жөніндегі консорциумдық келісім болған кезде диссертациялық кеңестің тұрақты мүшелерінің кемінде үштен бірі ғылыми ұйымнан тағайындалады. Мұндай жағдайда диссертациялық кеңестің отырыстары әріптес ЖЖОКБҰ немесе ғылыми ұйым базасында келісім бойынша өткізіледі.

6.5 ЖЖОКБҰ жанындағы диссертациялық кеңестердің құрамында кеңес мүшелерінің бірі шетелдік ғалым болып табылады. Шетелдік ғалымның ғылыми дәрежесі немесе оған теңестірілген қауымдастырылған профессор (доцент)/профессор ғылыми атағы (немесе тұрақты позициясында) болуға, зерттеудің осы саласында ғылыми зерттеулермен белсенді айналысуға тиіс. Диссертациялық Кеңестің тұрақты мүшелері болып табылатын шетелдік ғалымдардың жарияланымдарына қойылатын талаптар 6.6-тармақпен, диссертациялық

кеңестің уақытша мүшелері болып табылатын шетелдік ғалымдардың жарияланымдарына қойылатын талаптар осы Ереженің 6.7-тармағының талаптарымен айқындалады.

6.6 Диссертациялық кеңес мүшелерінің жарияланымдарына қойылатын талаптарды Университет дербес белгілейді. Диссертациялық кеңес мүшелерінің кемінде 2/3-інің Хирш индексі кемінде 3 (үш) және халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда мақалалары болуы тиіс (1-Қосымша).

Диссертациялық кеңестің кемінде 4 (төрт) мүшесінде халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда жарияланымдары болады (1-Қосымша):

1) 8D05 Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика, 8D06 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, 8D07 Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары, 8D08 Ауыл шаруашылығы және биоресурстар, 8D09 Ветеринария, 8D10 Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру (медицина), 8D11 Қызмет көрсетулер білім беру салалары бойынша соңғы 3 (үш) жылда Clarivate Analytics (Кларивэйт Аналитикс) компаниясының Journal Citation Reports (Жорнал Цитэйшэн Репортс) деректері бойынша алғашқы үш квартильге кіретін немесе Scopus (Скопус) деректер базасында Citescore (СайтСкор) бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 35 (отыз бес) болатын басылымдарда кадрлар даярлау бағыттарына сәйкес келетін ғылыми салалардың бірі бойынша кемінде 3 (үш) жарияланым;

2) басқа білім беру салалары үшін соңғы 3 (үш) жылда Web of Science Core Collection (Вэб оф Сайнс Кор Коллекшн) (Arts and Humanities Citation Index бөлімдері (Артс энд Хьюманитис Цитэйшэн Индекс), Science Citation Index Expanded (Сайенс Цитэйшэн Индекс Экспандид), Social Sciences Citation Index (Сошиал Сайенсиз Цитэйшэн Индекс) деректер базасында индекстелетін және Clarivate Analytics (Кларивэйт Аналитикс) компаниясының Journal Citation Reports (Жорнал Цитэйшэн Репортс) деректеріне сәйкес алғашқы үш квартильге кіретін немесе Scopus (Скопус) деректер базасында Citescore (СайтСкор) бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 35 (отыз бес) болатын басылымдарда кадрлар даярлау бағыттарына сәйкес келетін ғылыми салалардың бірі бойынша кемінде 2 (екі) жарияланым.

Халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда 2 (екі) ғылыми мақала ретінде соңғы 3 (үш) жылда – сенімді баспаларда немесе US News Best Global Universities Rankings (ЮС Ньюс Бест Глобал Юниверситис Ранкинс) немесе Academic Ranking of World Universities (Академик Ранкин оф Ворлд Юниверситис) немесе Times Higher Education World University (Таймс Хайр Эдюкейшн Ворлд Юниверсити) топ-100 (жүз) рейтингіндегі университет баспасында шығарылған монография ескеріледі. Жоғарыда көрсетілген монографияда тарау болған жағдайда (ізденушіге кемінде 3 (үш) баспа табағы тиесілі) ол халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда 1 (бір) мақала ретінде есепке алынады.

6.7 Диссертациялық кеңестің уақытша мүшелері болып ғылыми дәрежесі (ғылым докторы, ғылым кандидаты, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі, кемінде 2/3 (үштен екісі) жарияланымдар бойынша осы Ереженің 6.6-тармағының талаптарына сәйкес келетін және зерттеу саласында және (немесе) докторанттың диссертациялық зерттеу тақырыбы бойынша кемінде 5 (бес) ғылыми мақаласы, оның ішінде Clarivate Analytics (Web of Science Core Collection) және/немесе Scopus деректер базасында индекстелген ғылыми журналдарда кемінде бір мақаласы бар мамандар тағайындалады.

6.8 Диссертациялық кеңестің тұрақты құрамы және ондағы өзгерістер, сондай-ақ кеңестің төрағасы, төраға орынбасары және ғылыми хатшы университеттің Сенат мәжілісі шешімі негізінде Ректордың бұйрығымен бекітіледі.

Ерекше мәртебесі бар Университетте диссертациялық кеңестер осы Ереженің 6.1 немесе 6.1.1-тармақтарының талаптарына сәйкестігі туралы Комитетті хабардар ете отырып, 3 (үш) жұмыс күні ішінде дербес құрылады. Диссертациялық кеңес құру туралы ақпарат университет Ректорының бұйрығы шыққан күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде университеттің интернет-ресурсында орналастырылады.

Жолданым/шағым болған жағдайда Комитет тиісті диссертациялық жұмысты және диссертациялық кеңесте өткен қорғау рәсімін тексереді.

6.9 Диссертациялық кеңестің функциялары:

1) диссертацияны қорғауға құжаттарды қабылдау;

2) диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерін, қорғау күнін және ресми рецензенттерді тағайындау;

3) диссертациялық кеңес мүшелерінің құрамынан докоранттың авторы мен дереккөзіне сілтеме жасалмаған бөтен материалды пайдаланғанын (плагиат) тексеру үшін комиссия (бұдан әрі – Диссертациялық кеңестің комиссиясы) құру;

4) диссертацияның ашық түрде қорғауды өткізу;

5) диссертация бойынша шешім қабылдау.

6.9.1 Диссертациялық кеңес төрағасы:

- диссертациялық кеңестің қызметіне жалпы басшылық жасайды;
- кеңес отырысын өткізеді;
- белгіленген талаптарға сәйкес диссертацияны қорғауды жүргізу құқығының сақталуын қамтамасыз етеді;
- диссертациялық кеңестің қызметі мен жұмысын ұйымдастыруға жауапты.

6.10 Диссертациялық кеңес төрағасының орынбасары:

- егер кеңес төрағасы қорғалатын диссертация бойынша ғылыми кеңесші болған жағдайда, сондай-ақ диссертациялық кеңес төрағасы болмаған жағдайда кеңес отырысын өткізу жөніндегі диссертациялық кеңес төрағасының функцияларын орындайды.

6.11 Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысының функциялары:

1) қорғауға қабылдау және қорғауды өткізу рәсімдерін ұйымдастыру;

2) диссертацияны «Антиплагиат» бағдарламалары жүйесі бойынша тексеруге, Университет кітапханасына, Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасына және Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасына, ресми рецензенттерге жіберу;

3) диссертациялық кеңестің қызметі бойынша хат-хабарды жолдау;

4) диссертациялық кеңестің сайтында материалдар мен ақпаратты орналастыру;

5) диссертациялық кеңестің отырысын, оның ішінде бағдарламалық және техникалық құралдарды дайындау;

6) диссертациялық кеңестің құжаттарын ресімдеу;

Хат-хабарлар ғалым хатшының ресми корпоративтік поштасынан жолданады. Ғалым хатшының міндеттерін басқа адамдарға, оның ішінде докторантқа жүктеуге жол берілмейді.

6.12 Университет қамтамасыз етеді:

1) диссертациялық кеңестің отырыстарын және диссертацияларды ашық түрде қорғауды өткізу үшін қажетті жағдайлармен, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, бағдарламалық және техникалық құралдарды пайдалану арқылы;

2) диссертациялардың мәтінді пайдалануды анықтаудың лицензиялық жүйелерінде, оның ішінде халықаралық деректер базалары бойынша тексерілуін қамтамасыз етеді.

3) диссертациялық кеңестің қызметіне байланысты шығыстарды, оның ішінде диссертациялық кеңес мүшелерінің іссапар шығыстарын төлеуді қамтамасыз етеді.

6.13 Нақты білім беру бағдарламасы (мамандық) бойынша диссертациялық кеңестің жабылуына мыналар негіз болады:

1) докторантураның тиісті кадрлар даярлау бағыты бойынша білім беру қызметін жүргізу құқығына берілген лицензиясынан айыру;

2) докторантураның білім беру бағдарламасының аккредиттеу мерзімінің аяқталуы немесе аккредиттеуді кері қайтарып алу.

3) осы Ереже талаптарының бұзылуы анықталған 5 (бес) қорғауды өткізуі

Диссертациялық кеңес жабылғаннан кейін осы кеңесті білім беру бағдарламалары бойынша құру туралы өтінім 1 (бір) жылдан кейін беріледі.

Диссертациялық кеңестің осы Ережеде белгіленген талаптарды 2 рет бұзуы диссертациялық кеңестің тұрақты құрамын ауыстыруға негіз болады қорғау бұзушылықтармен өткен жағдайда).

## 7. ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ ФУНКЦИЯЛАРЫ

*7.1 Диссертациялық кеңестің қызметтері:*

1) диссертацияны қорғауға құжаттарды қабылдау;

2) диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерін, қорғау күнін және ресми рецензенттерді тағайындауды Ғылым департаменті куәландырады және Ғылым және стратегиялық даму вице-ректорымен келісіліп, содан кейін уақытша Диссертациялық кеңес мүшелері туралы бұйрық шығарылады;

3) диссертациялық кеңес мүшелерінің құрамынан докторанттың авторы мен дереккөзіне сілтеме жасалмаған бөтен материалды пайдаланғанын (плагиат) тексеру үшін комиссия (бұдан әрі – Диссертациялық кеңестің комиссиясы) құру;

4) диссертацияның ашық түрде қорғауды өткізу;

5) диссертация бойынша шешім қабылдау;

6) осы Ережемен белгіленген басқа да қызметтер.

*7.2 Диссертациялық кеңес мүшелері:*

1) объективті, толық және дәйекті мәліметтерді ұсынады;

2) диссертация қорғауға қатысты деректерді жасыруға жол бермейді;

3) ғылыми этиканың бұзылу фактілеріне ден қояды;

4) шешім қабылдағанда қоғамдық пікірдің, тараптардың бірінің немесе үшінші тараптың әсеріне тәуелді болмайды;

5) мүдделер қақтығысының алдын алу және реттеу бойынша шаралар қабылдайды;

6) қызмет бабында кеңестің басқа мүшелерінің, докторанттардың, ғылыми кеңесшілер мен ресми рецензенттердің ары мен абыройына нұқсан келтіретін дөрекі, қорлайтын сөздерді, айыптауларды пайдаланбайды.

Осы тармақта көрсетілген талаптарды сақтамау фактілері анықталған жағдайда Диссертациялық кеңестің мүшесі оның құрамынан шығарылады.

7.3 Осы Ережеде белгіленген талаптарды Диссертациялық кеңес 2 (екі) реттен көп бұзатын жағдайда Диссертациялық кеңестің төрағасы, төрағаның орынбасары және ғылыми хатшысы ауыстырылады.

7.4 Диссертациялық кеңес университет сайтында Диссертациялық кеңес қабылдаған шешімдер туралы тоқсан сайынғы есепті ұсынуды қамтамасыз етеді. Күнтізбелік жыл аяқталғаннан кейін Диссертациялық кеңес Университет Сенат мәжілісінде есеп береді, мақұлданғаннан кейін Комитетке 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Диссертациялық кеңестің жұмысы туралы есепті жібереді.

7.5 Диссертациялық кеңес докторанттың диссертациялық жұмыс немесе Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы №127 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6951 болып тіркелген) бекітілген Дәрежелер беру қағидаларының (бұдан әрі – Қағидалар) 5-1-тармағының талаптарына сәйкес жарияланған мақалалар сериясы нысанында ұсынған диссертациясын қорғауды өткізеді.

## 8. ДИССЕРТАЦИЯЛАРДЫ ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ ҚАРАУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

8.1 Докторантураның білім беру бағдарламаларын толық меңгерген және диссертациялық жұмыстарды немесе дәрежелер беру қағидаларының талаптарына сәйкес орындалған мақалалар топтамасын ұсынған докторанттың диссертациялық жұмысы қорғауға жіберіледі.

8.2 Ғылыми жарияланымдарды Дәрежелерді беру қағидаларының сәйкестігіне тексеру үшін докторант келесі құжаттарды Ғылым департаментіне тапсырады:

- Web of Science (Clarivate Analytics) мәліметтер базасындағы журналдарда импакт-факторлардың болуын растайтын және/немесе Scopus-тағы журналдарды индекстейтін электронды және баспа түрінде жарияланған ғылыми жұмыстардың тізімі;
- докторант оқыған жоғары оқу орнынан, диссертацияның тақырыбын және ғылыми кеңесшілерді бекіту туралы, диссертацияны қорғауға жіберу туралы бұйрықтарының көшірмелері;
- докторантураның кәсіптік оқу бағдарламасын меңгергені туралы оқу орны бойынша расталған транскрипттің көшірмесі;
-жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы дипломдардың қосымшалары мен көшірмелері.

8.3 Докторлық диссертацияларды қорғауға қабылдау және қарау рәсімі келесідей жүзеге асырылады:

- диссертация тақырыбы бағыттары бойынша ғалымдардың және/немесе ҒЗИ-ҒЗО-ның ғылыми қызметкерлерінің қатысуымен кафедраның кеңейтілген отырысында тыңдалады, оның нәтижесінде диссертация бойынша хаттамадан көшірме түрінде қорғауға ұсыну немесе ұсынбау туралы қорытынды шығарылады.
- сонымен қатар, оқу бітіргеннен 3 (үш) жыл өткен соң докторант диссертациялық зерттеудің (research proposal) ғылыми негіздемесі қайта бекітілгеннен кейін ғана қорғауға ақылы түрде жіберіледі.
- кеңейтілген отырыс өткізуден 1 (бір) ай бұрын диссертация докторанттың ғылыми зерттеу саласы бойынша ғылыми дәрежесі (ғылым докторы, ғылым кандидаты, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі бар 2 (екі) маманға рецензияға жолданады.

Сын пікір берушілер сын пікірді жазбаша түрде ұсынады. Бұл сын пікір келесі тармақтарды қамтуы тиіс: зерттеу тақырыбының өзектілігі, ғылыминәтижелері, олардың негізділігі мен жаңалығы, ғылыми нәтижелердің тәжірибелік және теориялық маңыздылығы, олардың нақтылық дәрежесі, докторанттың ғылыми нәтижелерді алуға жеке қатысуы, қорғауғашығарылатын ережелердің дәлелденуі, диссертация материалдарының баспасөзде жариялануының толықтығы, ескертулер мен ұсыныстар. Сын пікір докторантқа кафедра отырысына дейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей беріледі.

8.4. Кеңейтілген отырысқа кафедра мүшелерінің кемінде 2/3-сі (үштен екісі), рецензенттер, құрылымдық бөлімшенің ғылыми немесе академиялық кеңесінің мүшелері, ғылыми консультанттар, сондай-ақ ЖОО-ның аралас (мәндес) кафедраларының және (немесе) құрылымдық бөлімшелерінің, ғылыми және басқа да ұйымдардың өкілдері, практик мамандар (қолданбалы сипаттағы диссертациялар үшін) қатысады. Отырыста консультанттар болмаған жағдайда, олардың докторанттың диссертациясы бойынша пікірін ЖОО кафедрасының немесе құрылымдық бөлімшесінің басшысы не оның орынбасары оқиды.

8.5 Докторант кеңейтілген кафедра талқылауынан 2 (екі) рет өтуге рұқсат етіледі. Алдағы кеңейтілген отырыс туралы хабарлама оның өткізілуінен 10 күн бұрын университеттің интернет сайтында орналастырылады.

8.6 Диссертацияны орындау орны бойынша кеңейтілген кафедра отырысында талқылау келесілерді қамтиды:

- кеңейтілген кафедра отырысы төрағасының сөз сөйлеуі (диссертациялық зерттеу тақырыбының бекітілген күнін және ғылыми кеңесшілерді, докторантура бағдарламасы шеңберінде ғылыми тағылымдаманың мерзімі мен орнын, диссертация материалдарының баспасөзде жариялануының толықтығын баяндайды);
- докторанттың сөз сөйлеуі;
- кеңейтілген кафедра отырысына қатысушылардың сұрақтары;
- докторанттың жауаптары;
- ғылыми кеңісшінің сөз сөйлеуі, шетелдік кеңесші болмаған жағдайда оның пікірін жариялау;
- сын пікір берушілердің сөзі;
- сын пікір берушілердің ескертулеріне докторанттың жауаптары және олардың ескертулері мен ұсыныстары бойынша қорытындылар;
- кеңейтілген кафедра отырысына қатысушылардың пікірталасы;
- қорытындыны қабылдау ашық дауыс беру арқылы, жай көпшілік дауыспен жүзеге асырылады.

8.7 Диссертация бойынша қорытынды қорғауға ұсыну немесе ұсынбау кафедраның кеңейтілген отырысында және (немесе) құрылымдық бөлімшенің кеңейтілген отырысының хаттамасынан көшірме түрінде ресімделеді, отырыс төрағасы және мәжіліс хатшысы қол қояды, Ғылым департаментінің директоры куәландырады (талапқа сәйкес ұсынылмаған жағдайда қайта қарауға ұсынылады). Хаттаманы Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры бекітеді. Қорытындыда зерттеу тақырыбының өзектілігі, ғылыми нәтижелері, олардың негізділігі мен жаңалығы, ғылыми нәтижелердің практикалық және теориялық маңыздылығы, олардың сенімділік дәрежесі, докторанттың ғылыми нәтижелерге жеке қатысуы, қорғалатын ережелердің дәлелділігі, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы №127 бұйрығымен бекітілген «Дәрежелерді беру қағидаларының» 5, 5-1 және 6-тармақтарына сәйкес диссертация материалдарының баспасөзде жариялануының толықтығы, заңсыз көшірулердің, ескертулер мен ұсыныстар, қорғауға ұсыну немесе ұсынбау туралы қорытынды болуы тиіс.

8.8 Диссертацияда:

- бастапқы толық деректерді көрсете отырып, цитата алынған материалдардың немесе жекелеген нәтижелердің көздеріне;
- докторанттың дербес немесе өзге авторлармен бірлесіп алынған әзірлемелерге арналған қорғау құжаттарына;
- дербес немесе өзге авторлармен бірлесіп орындалған диссертация тақырыбы бойынша ғылыми жұмыстарға сілтеме жасалады.

Диссертацияда плагиат анықталған жағдайда, Диссертациялық кеңес қайта қорғау құқығынсыз теріс шешім қабылдайды.

8.9 Кафедраның кеңейтілген отырысының оң шешімін алғаннан кейін докторант университет Ректорына қай диссертациялық кеңесте қорғауды таңдау туралы өтініш береді. Егер докторант басқа ЖЖОКБҰ-ның диссертациялық кеңесін таңдаған жағдайда докторант осы диссертациялық кеңестің талаптарына сәйкес құжаттар пакетін қалыптастырады, 10 (он) жұмыс күні ішінде университеттің бланкісінде шығарылған жетекшілік ететін университет басшысының ілеспе хатпен диссертациялық кеңеске жолдайды.

8.10 Диссертациялық кеңесте алдын ала қарау және одан әрі қорғау үшін қажетті құжаттарды жинау және рәсімдеу.

Диссертациялық кеңеске мынадай құжаттар ұсынылады:

1) отандық және шетелдік ғылыми кеңесшілердің пікірлері;

2) кеңейтілген отырыстың оң қорытындысы;

3) берік түптелген және электронды тасымалдағыштағы диссертациялық жұмыс (егер диссертация диссертациялық жұмыс нысанында қорғалатын болса);

4) қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі аннотация. Аннотацияда қорғауға шығарылатын диссертациялық зерттеудің тақырыбы, мақсаты, зерттеу міндеттері, зерттеу әдістері, негізгі ережелері (дәлелденген ғылыми гипотезалар және жаңа білім болып табылатын басқа да тұжырымдар), зерттеудің негізгі нәтижелерінің сипаттамасы, алынған нәтижелердің жаңашылдығы мен маңыздылығының негіздемесі, ғылымның даму бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі, докторанттың әрбір жарияланымды дайындауға қосқан үлесінің сипаттамасы жазылады;

5) ғылыми еңбектердің тізімі және олардың көшірмелері;

6) докторант оқыған ЖЖОКБҰ-ның Этикалық комиссиясының зерттеу объектілерінің (тірі табиғат пен тіршілік ортасының объектілері) құқықтарын, қауіпсіздігі мен саулығын қорғауды қоса алғанда, ғылыми зерттеу нәтижелерін жоспарлау, бағалау, іріктеу, жүргізу және тарату процесіндегі бұзушылықтардың болмауы туралы қорытындысы.

Диссертациялық жұмыс қазақ немесе орыс немесе ағылшын тілдерінде ұсынылады.

Осы тармақта көрсетілген құжаттарды тіркеуді диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы жүзеге асырады және оларды 2 (екі) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде диссертациялық кеңеске ұсынады.

8.11 Диссертацияның қорғалу күнін және екі ресми рецензентті тағайындау.

Диссертацияны қорғауға қабылдау жөніндегі диссертациялық кеңестің отырысында кеңестің тұрақты құрамы осы Ереженің талаптарына сәйкес, диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерін тағайындайды.

Құжаттар қабылданған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей диссертациялық кеңес диссертацияны қорғау күнін белгілейді және ғылыми дәрежесі (ғылым докторы, ғылым кандидаты, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі бар 2 (екі) ресми рецензентті тағайындайды. Рецензенттерде докторанттың зерттеу саласы бойынша Комитеттің Басылымдар тізбесіне және/немесе Web of Science Core Collection (Вэб оф Сайнс Кор Коллекшн) немесе Scopus (Скопус), деректер базасына енгізілген журналдарда және /немесе шетелдік рецензияланатын басылымдарда 5 (бес) ғылыми мақаласы немесе 1 (бір) монографиясы (жеке жазылған) бар. Ресми рецензенттің біреуі докторант білім алған жоғары білім беру ұйымының қызметкері бола алмайды.

Құжаттар қабылданған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей диссертациялық кеңес диссертацияны қорғау күнін белгілейді және ғылыми дәрежесі (ғылым докторы, ғылым кандидаты, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі бар 2 (екі) ресми рецензентті тағайындайды. Рецензенттерде докторанттың зерттеу саласы бойынша Комитеттің Басылымдар тізбесіне және/немесе Web of Science Core Collection (Вэб оф Сайнс Кор Коллекшн) немесе Scopus (Скопус), деректер базасына енгізілген журналдарда және /немесе шетелдік рецензияланатын басылымдарда 5 (бес) ғылыми мақаласы немесе 1 (бір) монографиясы (жеке жазылған) бар.

Қорғау мерзімі қорғау уақыты белгіленген күннен бастап 3 (үш) ай уақыттан аспауы тиіс. Қорғау күнін белгілеу кезінде докторанттар құжаттарының түсу кезегі сақталады.

8.12 Диссертациялық кеңес ресми рецензенттерді тағайындау барысында, ресми рецензенттердің, ғылыми кеңесшілерінің бір-біріне тәуелсіз ұстанымдарын басшылыққа алады.

Мыналар ресми рецензент бола алмайды:

1) Комитет қызметкерлері;

2) докторанттың диссертация тақырыбы бойынша жарияланған жұмыстарының тең авторлары;

3) диссертация орындалған және (немесе) докторант тапсырыс беруші немесе орындаушы (тең орындаушы) болып табылатын ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілген ЖЖОКБҰ-ның құрылымдық бөлімшелерінің және (немесе) ғылыми ұйымдардың басшылары және қызметкерлері;

4) соңғы 3 (үш) жылда диссертацияның мазмұны бойынша Комитеттің теріс шешімін алған диссертациялар бойынша оң қорытынды берген ғылыми консультанттар немесе ресми рецензенттер болған мамандар.

5) жақын туыстар – ата-аналар (ата-ана), балалар, асырап алушылар, асырап алынғандар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек ағалы-інілер мен апалы-сіңлілер (аға-қарындастар), ата, әже, немерелер.

8.13 Университеттің интернет-ресурсында докторанттың қорғауы бойынша материалдарды орналастыру.

Диссертациялық кеңестің Ғалым хатшысы Университеттің интернет-ресурсында докторанттардың қорғауы және кеңестің қызметі туралы келесі материалдарды орналастырады:

1) докторант, диссертациялық кеңестің уақытша мүшелері және ресми рецензенттер туралы ақпаратты, диссертацияны ұсыну нысанын, мекенжайын, күні мен уақытын (белгіленген қорғау күніне дейін 1 (бір) ай бұрын, тұрақты негізде қолжетімді болады) көрсете отырып, алдағы қорғау туралы хабарлама;

2) диссертация (қорғаудың белгіленген күніне дейін 1 (бір) ай бұрын), сондай-ақ оның диссертациялық кеңестің ескертулері бойынша титул парағында тиісті белгілері бар пысықталған барлық нұсқалары (тұрақты негізде қолжетімді);

3) жалпы көлемі 15 беттен аспайтын қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі аннотация (белгіленген қорғау күніне дейін 1 (бір) ай бұрын). Аннотацияда қорғауға шығарылатын диссертациялық зерттеудің тақырыбы, мақсаты, зерттеу міндеттері, зерттеу әдістері, негізгі ережелері (дәлелденген ғылыми гипотезалар және жаңа білім болып табылатын басқа да тұжырымдар), зерттеудің негізгі нәтижелерінің сипаттамасы, алынған нәтижелердің жаңалығы мен маңыздылығының негіздемесі, ғылымның даму бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі, докторанттың әрбір жарияланымды дайындауға қосқан үлесінің сипаттамасы жазылады;

4) докторант жарияланымдарының тізімі (белгіленген қорғау күнінен 1 (бір) ай бұрын);

5) ғылыми консультанттардың қорғаудан кейін 5 (бес) ай ішінде қолжетімді болатын пікірлері (белгіленген қорғау күнінен 1 (бір) ай бұрын);

6) ресми рецензенттердің пікірлері *5-қосымшаға* сәйкес (белгіленген қорғау күнінен 5 (бес) жұмыс күні бұрын);

7) қорғаудың толық көлемдегі бейнежазбасы, монтажға жол берілмейді (қорғаудан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде орналастырылады және қорғаудан кейін 5 (бес) ай бойы қолжетімді);

8) диссертациялық кеңестің диссертациялық жұмысты пысықтауға, қайта қорғауға жіберу туралы немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту туралы қорытындысы (қорғаудан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде орналастырылады және қорғаудан кейін кемінде 5 (ай) ішінде қолжетімді).

9) апелляциялық комиссияның шешімі (болған жағдайда, шешім қабылдағаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде орналастырылады және шешім қабылдағаннан кейін кемінде 5 (ай) ішінде қолжетімді).

10) осы Ереженің *2-Қосымшасына* сәйкес Диссертациялық кеңес жұмысы туралы есеп (күнтізбелік жыл аяқталған соң 15 (он бес) жұмыс күні ішінде орналастырылады);

11) осы Ереженің *6-Қосымшасына* сәйкес диссертациялық кеңестердің философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелерін беру (беруден бас тарту) жөніндегі шешімдері туралы тоқсандық есеп (ерекше мәртебесі бар ЖОО-лар жанындағы диссертациялық кеңестер үшін). Тоқсандық есеп тоқсан аяқталғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күн ішінде орналастырылады және диссертациялық кеңестің қызметі мерзімінде қолжетімді;

12) философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беру туралы дипломды беруді ұйымдастыру жөніндегі мәліметтер;

13) қорғаулар өткізу күнінің, уақытының, орнының өзгеруі және ресми рецензенттердің ауысуы туралы хабарландыру (болған жағдайда);

14) Диссертациялық кеңес құрамы туралы ақпарат және Диссертациялық кеңес қызметінің тәртібі;

15) қолданыс мерзімдерін көрсете отырып, мәтінді пайдалануды анықтаудың лицензиялық жүйелерінің, оның ішінде халықаралық деректер базалары бойынша лицензиялық жүйелерінің бар болуы туралы ақпарат;

16) докторант оқыған ЖЖОКБҰ-ның жанындағы Этикалық комиссияның зерттеу объектілерінің (жанды табиғат пен тіршілік ортасының объектілері) құқықтарын, қауіпсіздігі мен саулығын қорғауды қоса алғанда, ғылыми зерттеу нәтижелерін жоспарлау, бағалау, іріктеу, жүргізу және тарату процесіндегі бұзушылықтардың болмауы туралы қорытындысы (осы Ережеге 7-қосымшаға сәйкес);

17) диссертациялық кеңестің бейнеконференция нысанындағы online (онлайн) отырысын өткізуді ұйымдастыру жөніндегі ақпарат;

18) диссертациялық кеңестің шешімі қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беру туралы ақпаратты ұсынады.

8.14 Диссертациялық жұмыс ЖЖОКБҰ-ның интернет-ресурсында орналастырылғаннан және (немесе) диссертация қабылдағаннан кейін (мемлекеттік құпияларды немесе қызмет бабында пайдалану үшін мәліметтерді қамтитын материалдары бар диссертациялар қорғалған жағдайда) оған өзгерістер енгізуге жол берілмейді. Диссертациялық жұмыс пысықталған жағдайда оның соңғы нұсқасы философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беру туралы шешім қабылданғаннан кейін ЖЖОКБҰ-ның интернет-ресурсында «Диссертациялық жұмыстың соңғы нұсқасы» деген белгімен орналастырылады.

Университеттің интернет-ресурсында диссертация мазмұны бойынша бейресми пікірлерді орналастыру мүмкіндігі қамтамасыз етіледі, кейін олар қорғауда ұсынылады. Авторын белгілеу мүмкін емес және автордың электрондық поштасы көрсетілмеген бейресми пікірлер қорғауда ұсынылмайды.

8.15 Қорғауға қабылданғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде Диссертациялық кеңес докторанттың отандық және халықаралық деректер базалары бойынша плагиатты пайдалануын тексеру үшін диссертацияны «Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы» акционерлік қоғамына (бұдан әрі – ҰМҒТСО) жібереді. Титул беті және пайдаланылған әдебиеттер тізімі плагиатқа тексерілмейді.

ҰМҒТСО диссертация түскен күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде оның мәтінін ашық қолжетімді түрде өзінің интернет-ресурсында орналастырады. Диссертация тұрақты күйде қолжетімді болады.

Мемлекеттік құпиялары немесе қызмет бабында пайдалануы үшін мәліметтері бар диссертацияларда докторанттың авторы мен дереккөзіне сілтеме жасалмаған бөтен материалды пайдалануы ҰМҒТСО-да немесе Қазақстан Республикасының ұлттық

қауіпсіздік органдарына, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне, Қазақстан Республикасының прокуратура органдарына және Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне ведомстволық бағынысты әскери, арнайы оқу орындарында және (немесе) ғылыми ұйымдарында комиссия негізінде тексеріледі.

8.16 Диссертацияның қағаз және (немесе) электронды тасымалдағыштағы данасы Университеттің кітапханасына беріледі. Қорғаннан кейін 7 (жеті) жұмыс күні ішінде диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы диссертацияның электронды тасымалдағыштағы даналарын Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасына және Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасына береді (мемлекеттік құпияларды және қызмет бабында пайдалану үшін мәліметтерді қамтитын диссертациялардан басқа).

8.17 Ресми рецензенттердің жазба пікірлерін Диссертациялық кеңеске ұсыну.

Ресми рецензенттер диссертация мен жарияланған жұмыстарды зерделеу негізінде диссертациялық кеңеске осы Ереженің 5-қосымшасына сәйкес нысанда жазбаша пікірлерін ұсынады. Егер диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалатын болса, ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша мақалаларының ғылыми деңгейін зерделейді. Егер мақаланың 2/3 және одан көп бөлігі докторанттың зерттеу тақырыбымен байланысы болмаса, оны ресми рецензент ескермейді.

Ресми рецензенттер пікірлерінде мына шешімдердің бірін көрсетеді:

1) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру;

2) диссертацияны пысықтауға жіберу. Диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалатын жағдайда диссертация пысықтауға жіберілмейді;

3) егер академиялық адалдық қағидаты бұзылған немесе ғылыми жаңашылдық, ішкі бірлік және дәйектілік қағидаттарына сәйкес келмеген болса, философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту.

Ресми рецензенттер пікірлерінің көшірмелері докторантқа диссертация қорғауға дейін кемінде 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмей беріледі.

Ресми рецензенттер жазбаша түрде бас тартқан немесе рецензиялауға мүмкіндік болмаған жағдайда ауыстырылады. Егер ресми рецензентті ауыстыру туралы шешім 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктіріліп қабылданса, қорғау күні ауыстырылады.

8.18 ҰМҒТСО анықтамасында, ресми рецензенттердің пікірлерінде және ЖЖОКБҰ-ның интернет-ресурсындағы бейресми пікірлерде көрсетілген плагиат фактілері болған кезде Диссертациялық кеңес комиссиясы диссертацияны плагиатқа тексереді. Тексеру нәтижелері туралы қорытынды диссертациялық кеңеске диссертация қорғауға дейін 8 (сегіз) жұмыс күнінен кешіктірілмей беріледі. Комиссия құрамына докторанттың ғылыми жетекшісі, докторантпен немесе оның ғылыми кеңесшісімен үлестес тұлғалар кіре алмайды.

Комиссия құрамы 3 адамнан тұрады:

1) Диссертациялық кеңес төрағасы,

2) Диссертациялық кеңес мүшесі – университет өкілі;

3) Диссертациялық кеңес мүшесі - басқа жоғары білім беру ұйымының және өзге ұйымдар өкілі.

Тексеру туралы қорытынды Диссертациялық кеңеске қорғауға дейін 8 (сегіз) жұмыс күнінен кешіктірілмей ұсынылады.

Авторға және дереккөздерге сілтеме жасамай материал пайдалану анықталған жағдайда, диссертациялық жұмыс қорғауға жіберілмейді.

8.19 Диссертациялық кеңестің қорғауға жіберу туралы шешімді қабылдауы.

Диссертациялық кеңес Диссертациялық кеңес комиссиясының қорытындысы негізінде (қорғауға дейін кемінде 7 (жеті) жұмыс күнінен кешіктірілмей) докторантты қорғауға жіберу туралы шешім қабылдайды немесе диссертацияны қорғаудан алып тастайды. Диссертациялық кеңес қабылданған шешім туралы докторантқа 2 (екі) жұмыс күні ішінде

хабарлайды, сондай-ақ тиісті ақпарат ЖЖОКБҰ-ның интернет-ресурсында орналастырылады (мемлекеттік құпиялары бар және қызмет бабында пайдалану үшін мәліметтерді қамтитын диссертацияларды қорғау жағдайынан басқа).

Докторанттың диссертациясын қорғауға дейін 7 (жеті) күннен кешіктірмей қорғаудан алып тастауға мүмкіндігі бар.

## 9 ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС ЖҰМЫСЫНЫҢ ТӘРТІБІ

9.1 Диссертациялык кеңес мәжілісі Диссертациялық кеңес төрағасының жетекшілігімен өткізіледі.

Диссертациялық кеңестің төрағасы, төраға орынбасары және ғалым хатшысы докторанттың ғылыми кеңесшілері болып табылған жағдайда, диссертацияны қарау кезінде диссертациялық кеңестің отырысында өз міндеттерін орындай алмайды. Диссертациялық кеңес төрағасының міндеттерін орындау диссертациялық кеңестің шешімімен төраға орынбасарына, төраға орынбасары мен ғалым хатшының міндеттерін орындау диссертациялық кеңестің шешімімен оның мүшелеріне жүктеледі.

Диссертациялық кеңес төрағасы, төраға орынбасары және Ғалым хатшысы бір мезгілде болмаған жағдайда кеңестің отырысы өткізілмейді.

Диссертациялық кеңес диссертация қорғалуының бейнежазбаға түсірілуін толық көлемде қамтамасыз етеді, монтаж жасауға тыйым салынады.

9.2 Диссертациялық кеңестің отырысы егер оның жұмысына мүшелерінің кемінде 2/3-і (үштен екісі) қатысқанда заңды болып саналады. Ресми рецензенттердің және диссертациялық кеңестің уақытша тағайындалған мүшелерінің отырысқа қатысуы міндетті болып табылады (қатысу парағы – *8-Қосымша*).

Диссертациялық кеңес мүшелері және ресми рецензенттер қорғауға бейнеконференция нысанында қатыса алады.

Диссертацияны ашық қорғау интернет желісінде тікелей онлайн трансляция режимінде өтеді. Мемлекеттік құпияларды немесе қызмет бабында пайдалану үшін мәліметтерді қамтитын диссертациялар қорғалатын жағдайда диссертациялық кеңес мүшелері мен ресми рецензенттердің бейнеконференция нысанында қатысуына, сондай-ақ интернетте трансляциялауға жол берілмейді.

Отырысқа практикалық саланың шақырылған мамандарының қатысуына жол беріледі (диссертация қолданбалы сипатта болса).

9.3 Диссертациялық кеңес докторантқа, диссертациялық кеңес мүшелеріне, ресми рецензенттерге диссертациялық кеңес отырысын бейнеконференция нысанында өткізетіні туралы электрондық пошта және кеңестің сайтында хабарлама беру арқылы диссертация қорғауға кем дегенде 5 (бес) жұмыс күні қалғанда хабарлайды.

Диссертациялық кеңес отырысты бейнеконференция нысанында өткізгенде:

- отырысқа қатысатындардың визуалды идентификациясы;
- интернет желісінде отырысқа қатысушылар сөздерінің үздіксіз бейне- және аудио трансляциясы;
- отырыстың бейне және аудиожазбасы;
- диссертациялық кеңес мүшелерінің жасырын дауыс беруі қамтамасыз етіледі.

9.4 Диссертациялық кеңес отырысында 1 (бір) диссертацияны қорғау жүргізіледі, 1 (бір) күн ішінде 2 (екі) мәжілістен артық өткізуге болмайды.

9.5 Диссертацияны қорғау бойынша Диссертациялық кеңес отырысының тәртібі *9-Қосымшаға* сәйкес өткізіледі.

9.6 Диссертациялық кеңес келесі шешімдердің біреуін қабылдау үшін жасырын дауыс беруді жүргізеді:

1) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру;

2) диссертацияны пысықтауға жіберу (диссертация диссертациялық жұмыс нысанында қорғалған жағдайда ғана);

3) диссертацияны қайта қорғауға жіберу;

4) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беруден бас тарту.

Диссертациялық жұмыс егер оны түзету жұмыстың мәнін өзгертпей, мәтін бойынша елеусіз ескертулер болған жағдайда пысықтауға ұсынылады. Егер диссертация Қағидалардың 4 және (немесе) 6-тармағына сәйкес келмесе және (немесе) Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген қағидаттарға (академиялық адалдық қағидатын қоспағанда) ішінара сәйкес келсе, онда ол қайта қорғауға жіберіледі. Академиялық адалдық қағидаты бұзылған немесе ғылыми жаңалық, ішкі бірлік, дәйектілік қағидаттарына сәйкес келмеген жағдайда диссертация философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту туралы шешім қабылданады.

9.7 Докторанттың ғылым консультанты, тікелей басшысы немесе жақын туысы болып есептелетін диссертациялық кеңестің мүшелері, сондай-ақ шақырылған мамандар дауыс беруге қатыспайды.

Жасырын дауыс беруде ресми рецензенттер қатысады, олардың дауыстары диссертациялық кеңес мүшелерінің дауыстарына тең.

Кеңестің философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру туралы шешімі, егер оған дауыс беруге қатысқандардың 3/4 (төрттен үші) және одан көбі дауыс берсе, қабылданды деп саналады.

Кеңестің философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту, диссертацияны пысықтауға не қайта қорғауға жолдау туралы шешімі, егер дауыс беруге қатысқандардың 2/3 (үштен екісі) және одан көбі дауыс берсе, қабылданды деп саналады. Егер дауыстар көрсетілген санға жетпесе, қайта дауыс беру өткізіледі, онда диссертацияны пысықтауға не, егер оған отырысқа қатысып отырған кеңес мүшелерінің көпшілігі дауыс берсе, қайта қорғауға жіберу туралы шешім қабылданады.

9.8 Қайта қорғауға жіберу немесе философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту туралы шешім қабылданғанда диссертациялық кеңес диссертацияның осы Ереженің, Қағидаларының қандай талаптарына сәйкес келмейтіндігі көрсетілген қорытынды жасайды.

Диссертациялық жұмысты қайта қорғау алдындағы қорғаудан 6 айдан кем емес уақыт өткенде осы Ережеде белгіленген тәртіппен өткізіледі. Диссертациялық кеңестің уақытша құрамы және ресми рецензенттер сақталады. Диссертация қайта қорғауға 2 (екі) реттен артық жіберілмейді.

9.9 Диссертацияны пысықтауға жіберу туралы шешім қабылданғанда диссертациялық кеңес диссертациялық жұмыс бойынша нақты ескертулер қамтылған қорытынды шығарады.

Пысықталған диссертациялық жұмыс, диссертациялық кеңеске үш айлық мерзімде ұсынылады, оны 3 (үш) айдан артық мерзімге ұзартуға болмайды. Пысықтау мерзімін ұзарту туралы шешімді диссертациялық кеңес докторанттың өтініші негізінде қабылдайды. Егер пысықталған диссертациялық жұмыс белгіленген уақытта ұсынылмаса, докторант қайта қорғаудан өтеді.

Докторант диссертациялық кеңестің ескертулерімен толық не жартылай келіспейтін жағдайда ол берілген ескертулерге дәйектелген жауаптарын ұсынады.

Пысықталған диссертация ҰМҒТСО-ға плагиатқа тексеруге жіберіледі. ҰМҒТСО анықтамасын алғаннан кейін диссертациялық кеңес ресми рецензенттермен бірге пысықталған диссертациялық жұмысты және диссертациялық кеңестің ескертулерін жою мәніне ескертулерге жауаптарды (болған жағдайда) талқылау жөнінде отырыс өткізеді.

Отырыс осы Ереженің 9.2-тармағында белгіленген тәртіппен өткізіледі. Бұл ретте интернетте онлайн трансляциясыз отырыстың бейнежазбасы жүргізіледі.

Талқылаудан кейін жай көпшілік дауыспен жасырын дауыс беру арқылы дәреже беру немесе қайта қорғауға жіберу туралы шешім қабылданады.

Диссертациялық кеңестің диссертациялық жұмысты пысықтауға, қайта қорғауға жіберу туралы немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту туралы қорытындысы осы Ереженің 8.6-тармағына сәйкес университеттің интернет-ресурсында орналастырылады. Теріс шешім қабылданған жағдайда диссертациялық кеңес диссертацияның осы Ереженің қандай талаптарына сәйкес келмейтіндігі көрсетілген қорытынды жасайды.

9.10 Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежелерін беруден бас тартылған жағдайда, докторант диссертацияны алдыңғы қорғаудан кем дегенде бір жылдан кейін қайта қорғауға ұсынады. Докторант авторы мен дереккөзін көрсетпей бөтен материалды пайдаланған жағдайда (плагиат), диссертациялық кеңес қайта қорғау құқығынсыз теріс шешім қабылдайды.

9.11 Диссертация қайта қорғауға ұсынылған жағдайда диссертациялық кеңес диссертацияда бұдан бұрын орын алған бұзушылықтардың жойылуы туралы қорытынды жасау үшін диссертациялық кеңес мүшелерінен 3 (үш) адамды тағайындайды. Қорытынды ЖОО-ның интернет-ресурсында диссертацияны қорғауға дейін кемінде 10 (он) жұмыс күні бұрын орналастырылады және қорғауда оқылады.

## 10 АПЕЛЛЯЦИЯНЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

10.1 Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін бермеу туралы диссертациялық Кеңестің шешіміне апелляцияны докторант немесе ғылыми консультанты бұйрық шыққан күннен бастап күнтізбелік 60 (алпыс) күн ішінде еркін нысанда береді. Апелляция философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту туралы шешім қабылдаған диссертациялық кеңеске беріледі. Көрсетілген мерзім өткеннен кейін апелляция қарауға қабылданбайды.

Апелляция беру күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Университет Ректоры бұйрығымен апелляциялық комиссия құрылады (ары қарай - Комиссия). Комиссия құрамына университеттің Ғылым департаментінің 2 (екі) өкілі, тиісті мамандыққа сәйкес ғылыми дәрежесі, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі бар 3 маман кіреді. Ғылыми кеңесшілер, рецензенттер, диссертациялық кеңес мүшелері комиссия мүшелері бола алмайды. Апелляциялық комиссияның құрамына төраға мен хатшы тағайындалады.

Апелляциялық комиссия өз қызметінде осы Ережені және Дәрежелерді беру қағидаларын басшылыққа алады. Комиссия аттестаттау ісінің материалдарын қарайды және ол құрылған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде апелляция нәтижелері бойынша қорытынды дайындайды.

10.2 Апелляцияда келесі мәліметтер болуы керек:

- апелляция берушінің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)/ұйымның атауы заңды тұлға берген жағдайда, ЖСН, апелляция беруші мекен-жайы, диссертациялық кеңес және (немесе) докторант жіберген анықталған бұзушылық туралы мәліметтер;
- философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесі берілген тұлғаның дербес деректері, диссертация тақырыбы, қорғау күні және диссертациялық кеңес туралы мәліметтер;
- диссертациялық кеңес және (немесе) докторант жіберген анықталған бұзушылық туралы мәліметтер, растайтын құжаттарды міндетті түрде қоса бере отырып, бұзушылық дәлелдері.

10.3 Апелляциялық комиссияның қорытындысын ашық дауыс беру негізінде комиссия мүшелері жай көпшілік дауыспен қабылдайды және оған комиссияның барлық мүшелері қол

қояды. Дауыстар тең болған жағдайда апелляциялық комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

10.4 Апелляциялық комиссияның шешімі, егер апелляциялық комиссияның отырысына 5 (бес) адамнан кемінде 4 (төрт) адам қатысқан болса, апелляциялық комиссияның төрағасын қоса алғанда, жарамды деп есептеледі.

10.5. Апелляциялық комиссияның шешімі қабылданған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде апелляция берген докторантқа немесе өзге тұлғаға хабарланады және университеттің интернет-ресурсында орналастырылады.

10.6 Осы ережемен реттелмейтін, оның ішінде философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелерін беруден, апелляцияға беру мерзімін қалпына келтіруден бас тарту мәселелері бойынша даулар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген сот тәртібінде шешіледі.

## 11 ДӘРЕЖЕЛЕРДІ БЕРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

11.1 Университет Ректоры Диссертациялық кеңестің шешімі негізінде докторантқа философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру (тағайындаудан бас тарту) туралы тиісті бұйрықты шешім қабылданғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде шығарады.

11.2 Университет Ректорының бұйрығымен философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі берілген тұлғаларға университеттің Сенат мәжілімен бекітілген үлгіге сәйкес университет Ректоры, диссертациялық кеңес төрағасының (төрайымының) және ғалым хатшының қолы қойылған дипломдар бұйрық шыққаннан кейін күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде беріледі. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәреже беру туралы ақпарат университеттің интернет-ресурсында диссертациялық кеңес шешім қабылдаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде орналастырылады.

## 12 АТТЕСТАЦИЯЛЫҚ ІСТІҢ ДАЙЫНДАЛУ ТӘРТІБІ

12.1 Диссертацияны қорғау бойынша оң шешім қабылданған кезде диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы докторанттың аттестациялық ісін құжаттардың бекітілген тізіміне сәйкес рәсімдейді (*10-Қосымша*):

Осы аталған норманың орындалуы бойынша жауапкершілік Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысына жүктеледі.

Аттестациялық іс ғалым хатшыда бір жыл бойы сақталады, кейін Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің мұрағатына қабылдау-өткізу актісі бойынша өткізіледі.

12.2 Барлық құжаттар қазақ немесе орыс тілдерінде болуы тиіс.

12.3 Қорғаудан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде құжаттар ҰМҒТСО-ға мемлекеттік тіркеуге жолданады:

- диссертацияның түптелмеген данасы, қағаз және электронды тасымалдағышты бір данадан;
- ілеспе хаты;
- үш тілдегі түйіндеме, қағаз және электронды тасымалдағышта бір данадан;
- ғылыми жарияланымдар тізімі, қағаз және электронды тасымалдағышта бір данадан;
- диссертацияның қазақ және орыс тілдеріндегі тіркеу-есептік карточкасы, қағаз және электронды тасымалдағышты 3 данадан (*11-Қосымша*).

## 13 ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

13.1Диссертациялық кеңес жұмысы бойынша жалпы жауапкершілік Диссертациялық кеңестің төрағасына жүктеледі.

13.2 Диссертациялық кеңес бойынша барлық құжаттар ғалым хатшыда бір жыл бойы сақталады, аталған мерзім өткен соң белгіленген тәртіп бойынша Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің мұрағатына өткізіледі.

**14. ӨЗГЕРІСТЕРДІ ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ**

14.1. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеттің осы Ережесін басқару және оған өзгерістер енгізу ҚП ХҚТУ-7.5.3-2020 сәйкес жүзеге асады.

14.2 СМЖ құжатымен танысу «танысу парағына» (Қосымша 13) және енгізілген өзгерістер «өзгерістерді тіркеу парағына» (Қосымша 14) тіркелуі тиіс.

**15. КЕЛІСУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ**

15.1 Бұл Ереже Университет Сенатының 2025 жылғы 29 қаңтардағы (№6 хаттама) мәжілісінің шешімімен бекітілді.

15.2 Осы Ереженің бақылау данасы Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа орталығында, жұмыс данасы Ғылым департаментінде сақталады.

15.3 Тираждау және қолданушыларға жіберу жауапкершілігі Ғылым департаментіне жүктеледі. Осы университет Ережесінің жұмыс нұсқалары қажетті заңды және жеке тұлғаларға жіберіледі.

**КЕЛІСІЛДІ**

| | |
|---|---|
| Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры | А.Е. Ошибаева |
| Қаржы және халықаралық байланыстар вице-ректоры | М.Гиритлиоғлу |
| Стратегиялық жоспарлау рейтинг және сапа орталығының басшысы | С.Қырықбаева |
| Заң бөлімінің басшысы | Ғ.Мусаханов |
| Кадр бөлімінің басшысы | Ж.Сыздықова |

***Ф-ҒБ-008/01***

*Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті жанындағы Диссертациялық кеңес Ережесіне 1-қосымша*

**Диссертациялық кеңес мүшелеріне үміткерлер туралы ақпарат**

| № | Т.А.Ә. (болған жағдайда) (мемлекеттік немесе орыс және ағылшын тілдерінде) | Дәрежесі, ғылыми атағы | Негізгі жұмыс орны | Азаматтығы | Халықаралық ақпараттық Web of science (Вэб оф Сайнс) және Scopus (Скопус) базаларының деректері бойынша Хирш индексі | Clarivate Analytics (Кларивэйт Аналитикс) компаниясының Journal Citation Reports (Жорнал Цитэйшэн Репортс) деректері бойынша бірінші үш квартильге кіретін немесе Scopus (Скопус) деректер базасында CiteScore (СайтСкор) бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 35 (отыз бес) болатын басылымдарда жарияланымдар | Басылымдар тізбесіндегі журналдардағы жарияланымдар |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| | | | | | | | |
| | | | | | | | |

***Ф-ҒБ-008/03***

*Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық*
*қазақ-түрік университеті жанындағы*
*Диссертациялық кеңес Ережесіне 2-қосымша*

**Диссертациялық кеңестің жұмысы туралы есеп**

______________________________________________________________________жанындағы
(университеттің атауы)
_____________________________кадрлар даярлау бағыты бойынша Диссертациялық кеңесі.

**Есеп келесі мәліметтерді қамтиды:**

1.Өткізілген отырыстар саны туралы мәліметтер.

2. Отырыстардың жартысынан азына қатысқан диссертациялық кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда).

3. ЖЖОКБҰ көрсетілген докторанттар тізімі.

4. Мынадай бөлімдері белгіленіп көрсетілген, есепті жыл ағымында Диссертациялық кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау:

1) қаралған жұмыстардың тақырыптарына талдау;

2) диссертация тақырыбының "Ғылым және технологиялық саясат туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия айқындаған ғылымды дамытудың басым бағыттарымен және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы;

3) диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке ену деңгейін талдау.

5. Ресми рецензенттердің жұмысына талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып).

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру бойынша ұсыныстар.

7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алуға арналған диссертациялардың кадрларды даярлау бағыты бөлінісіндегі саны:

1) қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттарының);

2) қараудан алып тасталған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттарының);

3) ресми рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттарының);

4) қорғау нәтижелері бойынша теріс шешім алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттарының);

5) пысықтауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттарының);

6) қайта қорғауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттарының).

Диссертациялық кеңестің төрағасы ________________________________
(қолы, тегі және аты-жөнінің бірінші әріптері)

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы ___________________________
(қолы, тегі және аты-жөнінің бірінші әріптері)

Мөр Мерзімі 20__ жылғы «__»_______

*Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті жанындағы Диссертациялық кеңес Ережесіне 3-қосымша*

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ректоры

_______________________________

(аты-жөні)

Өтініш

Сізден_________________________мамандығы (білім беру бағыты, т.б.) бойынша
(мамандық атауы, шифры)

_____________________________________________________________________

доктор (ғылым саласы) дәрежесін алу үшін жазылған

_________________________________________________________тақырыбындағы
(диссертация такырыбы)

диссертациялық жұмысымды карауға және қорғауға қабылдауыңызды сұраймын.

Жұмыс қорғауға алғашқы рет (қайта) ұсынылып отыр.

Менің жеке деректерімді аттестациялауға қосу және одан әрі өңдеуге келісемін. Арнайы көрсетілмеген жағдайлардан басқа қорғауға ұсынылған барлық деректер мен нәтижелер шынайы және түпнұсқа екендігін және жеке өзімнің алғандығымды растаймын.

Күні, қолы.

**Докторанттың өтініші қолмен жазылады.**

***Ф-ҒБ-008/02***

*Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық*
*қазақ-түрік университеті жанындағы*
*Диссертациялық кеңес Ережесіне 4-қосымша*

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті**
**_______________________________________________докторанты**

**____________________________________________________**

**ғылыми еңбектерінің**
**ТІЗІМІ**

| р/с № <br> № п/п | | Еңбектердің атауы <br> Название | Баспа немесе қолжазба құқында <br> Печатный или на правах рукописи | Басылым: журнал (аталуы, №, жылы <br> Издательство, журнал (название, год, № страницы) | Баспа табақтар <br> Количество печатных листов | Қосалқы авторлардың аты-жөні <br> Ф.И.О. соавторов |
|---|---|---|---|---|---|---|
| № | | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| **Докторлық диссертация қорғағанға дейін басылған ғылыми еңбектер** | | | | | | |
| **Scopus / Web of Science базаларында тіркелген мақалалар** | | | | | | |
| 1 | 1 | | | | | |
| 2 | 2 | | | | | |
| **БҒСБК тізіміне енгізілген журналдардағы мақалалар** | | | | | | |
| 3 | 1 | | | | | |
| 4 | 2 | | | | | |
| **Халықаралық конференцияларындағы баяндамалар** | | | | | | |
| 5 | 1 | | | | | |
| 6 | 2 | | | | | |
| **Оқу және оқу-әдістемелік құралдар** | | | | | | |
| 7 | 1 | | | | | |
| 8 | 2 | | | | | |

Ізденуші ____________ ____________________
(қолы) (аты-жөні)

Тізім дұрыс: ____________ ____________________
Кафедра меңгерушісі: (қолы) (аты-жөні)

Ғалым хатшы: ____________ ____________________
(қолы) (аты-жөні)

*Қожа Ахмет Ясауи атындағы*
*Халықаралық қазақ-түрік университеті*
*жанындағы Диссертациялық кеңес*
*Ережесіне 5-қосымша*

Нысан

**Ресми рецензенттің жазбаша пікірі**

| р/н № | Критерийлер | Критерийлер сәйкестігі | Ресми рецензенттің ұстанымы |
|---|---|---|---|
| 1. | Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы | 1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: | |
| | | 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);<br>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)<br>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) | |
| 2. | Ғылымға маңыздылығы | Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған. | |
| 3. | Өзі жазу принципі | Өзі жазу деңгейі:<br>1) жоғары;<br>2) орташа;<br>3) төмен;<br>4) өзі жазбаған | |
| 4. | Ішкі бірлік принципі | 4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:<br>1) негізделген;<br>2) жартылай негізделген;<br>3) негізделмеген. | |
| | | 4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды<br>1) айқындайды;<br>2) жартылай айқындайды;<br>3) айқындамайды | |
| | | 4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:<br>1) сәйкес келеді;<br>2) жартылай сәйкес келеді;<br>3) сәйкес келмейді | |
| | | 4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:<br>1) толық байланысқан;<br>2) жартылай байланысқан;<br>3) байланыс жоқ | |
| | | 4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | бағаланған:<br>1) сыни талдау бар;<br>2) талдау жартылай жүргізілген;<br>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген | |
| 5. | Ғылыми жаңашылдық принципі | 5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?<br>1) толығымен жаңа;<br>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);<br>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | |
| | | 5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?<br>1) толығымен жаңа;<br>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);<br>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | |
| | | 5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?<br>1) толығымен жаңа;<br>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);<br>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | |
| 6. | Негізгі қорытындылардың негізділігі | Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша) | |
| 7. | Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар | Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:<br>7.1 Қағидат дәлелденді ме?<br>1) дәлелденді;<br>2) шамамен дәлелденді;<br>3) шамамен дәлелденбеді;<br>4) дәлелденбеді<br>7.2 Тривиалды ма?<br>1) иә;<br>2) жоқ<br>7.3 Жаңа ма?<br>1) иә;<br>2) жоқ<br>7.4 Қолдану деңгейі:<br>1) тар;<br>2) орташа;<br>3) кең<br>7.5 Мақалада дәлелденген бе?<br>1) иә;<br>2) жоқ | |
| 8. | Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі | 8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған<br>1) иә;<br>2) жоқ | |
| | | 8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:<br>1) иә; | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | 2) жоқ | |
| | | 8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):<br>1) ия;<br>2) жоқ | |
| | | 8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған | |
| | | 8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз | |
| 9 | Практикалық құндылық принципі | 9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:<br>1) ия;<br>2) жоқ | |
| | | 9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:<br>1) ия;<br>2) жоқ | |
| | | 9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?<br>1) толығымен жаңа;<br>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);<br>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | |
| 10. | Жазу және ресімдеу сапасы | Академиялық жазу сапасы:<br>1) жоғары;<br>2) орташа;<br>3) орташадан төмен;<br>4) төмен. | |

*Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті жанындағы Диссертациялық кеңес Ережесіне 6-қосымша*

**Диссертациялық кеңестердің философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелерін беру (беруден бас тарту) жөнінде қабылдаған шешімдері туралы тоқсандық есеп**

| № | Докторанттың Т.А.Ә. (болған жағдайда)) | Туған жылы | Докторантурада оқыған кезеңі | Докторант оқыған ЖОО | Диссертация тақырыбы | Ғылыми кеңесшілері (Т.А.Ә. (болған жағдайда, дәрежесі, жұмыс орны) | Ресми рецензенттер (Т.А.Ә. (болған жағдайда), дәрежесі, жұмыс орны) | Қорғау күні | Диссертациялық кеңес және апелляциялық комиссия (болған жағдайда)қабылдаған шешім | Диплом № |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 |
| Мамандық (кадрларды даярлау бағыты) бойынша диссертациялық кеңес | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |

*Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті жанындағы Диссертациялық кеңес Ережесіне 7-қосымша*

Этикалық комиссияның қорытындысы ________________________________
ЖОО атауы

| | | |
|---|---|---|
| 1. | Докторанттың ТАӘ | |
| 2. | Докторантура мамандығы (білім беру бағдарламасы) | |
| 3. | Докторантурада оқу кезеңі | |
| 4. | Диссертация тақырыбы, бекіту мерзімі | |
| 5. | Ғылыми кеңесшілер туралы деректер – Т.А.Ә. (болған жағдайда), жұмыс орны және лауазымы, ғылыми дәрежелері, азаматтығы | |
| 6. | Зерттеу объектілері | |
| 7. | Ғылыми зерттеулерді жоспарлау, бағалау, іріктеу және жүргізу процесіндегі бұзушылықтар | Бұзушылықтар анықталды немесе анықталмады. Анықталған жағдайда оларды көрсету қажет |
| 8. | Ғылыми зерттеу нәтижелерін е тарату процесіндегі бұзушылықтар | Бұзушылықтар анықталды немесе анықталмады. Анықталған жағдайда оларды көрсету қажет |
| 9. | Зерттеу объектілерінің (жанды табиғат пен тіршілік ортасының объектілері болғанда) құқықтарын, қауіпсіздігі мен саулығын қорғау қалай жүргізілді? | |

Этикалық комиссияның төрағасы ________________________________
(қолы, тегі және аты-жөнінің бірінші әріптері)

Этикалық комиссияның хатшысы ________________________________
(қолы, тегі және аты-жөнінің бірінші әріптері)

***Ф-ҒБ-008/04***

*Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық*
*қазақ-түрік университеті жанындағы*
*Диссертациялық кеңес Ережесіне 8-қосымша*

________________________________________ диссертациялық кеңесі мүшелерінің
________________________________________ мамандығы/білім беру бағыты бойынша
докторант ________________________________ диссертациясын қорғау
(тегі, аты, әкесінің аты)
жөніндегі __________________________________________ кеңес отырысына
(хаттаманың күні және нөмірі)

**КЕЛУ ПАРАҒЫ**

| Тегі, аты, әкесінің аты | Ғылыми дәрежесі | Отырысқа қатысуы (қолы) |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| | | |
| | | |

Диссертациялық кеңестің Ғалым хатшысы ________________________________
(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

*Ескерту:* 1. «Тегі, аты, әкесінің аты» бағанында Диссертациялық кеңестің барлық мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты жазылады.

*Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық*
*қазақ-түрік университеті жанындағы*
*Диссертациялық кеңес Ережесіне 9-қосымша*

## Диссертациялық кеңес отырысының рәсімдік тәртібі

Диссертацияларды қорғау бойынша Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің диссертациялық кеңес отырысының тәртібі:

1) Төрағаның кворум туралы (келу парағы негізінде), отырысты өткізу құқығы туралы, докторанттың аты-жөні, оқыған мамандығы мен қорғайтын мамандығы және диссертация тақырыбын, ғылыми консультанттарды және ресми рецензенттерді таныстыру туралы кіріспе сөзі;
2) Докторант ғылыми жарияланымдарының түгелдігі, құжаттарының нормативтік талаптарға сәйкестігі туралы ғалым хатшының сөзі;
3) Докторанттың қорғауы (диссертацияның негізгі мазмұны және негізгі қағидаларын ұсынады, баяндама 20 минутқа дейін);
4) Докторанттың кеңес мүшелерінің сұрақтарына жауаптары;
5) Ғылыми кеңесшілерінің сөзі, шетелдік консультант болмаған жағдайда оның пікірін жариялау;
6) Ресми рецензенттердің сөздері. Ресми рецензенттердің біреуі жоқ болған жағдайда (дәлелді себептер бойынша) оның пікірін ғалым хатшы оқиды. Ресми рецензенттерге диссертациялық кеңестің қорғау отырысында on-line режимінде бейнеконференция түрінде сөз сөйлеуге рұқсат беріледі;
7) Рецензенттердің ескертулеріне докторанттың жауаптары және олардың ұсыныстарына қорытындылары;
8) Бейресми пікірілер (бар болған жағдайда ғалым хатшы жариялайды);
9) Диссертациялық кеңес мүшелерінің талқылауы;
10) Докторанттың соңғы сөзі;
11) Төрағаны қоспағанда, диссертациялық кеңестен 3 адамға дейін есептеу комиссиясын сайлау;
12) Өтініш бойынша дәреже беру туралы жасырын дауыс беpi;
13) Жасырын дауыс беру қорытындылары бойынша есеп комиссиясы төрағасының шығып сөйлеуі, есеп комиссиясының хаттамасын бекіту;
14) Көпшілік алдында қорғау нәтижелерін жария ету;
15) Диссертацияны қорғау бойынша диссертациялық кеңестің қорытындысын қабылдау. Қорытындыны қабылдау ашық дауыс беру арқылы, көпшілік дауыспен жүзеге асырылады.

*Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық*
*қазақ-түрік университеті жанындағы*
*Диссертациялық кеңес Ережесіне 10-қосымша*

**Аттестаттациялық іске қажет құжаттар тізімі:**

1) докторанттың аттестациялық іс құжаттарының тізімі;

2) берік түптелген диссертация мен электронды тасымалдағыштағы диссертация (CD-ROM);

3) докторант оқыған университеттің немесе факультеттің ғалым хатшысы бекіткен ғылыми жұмыстардың тізімі және диссертация тақырыбы бойынша ғылыми жарияланымдардың көшірмелері;

4) жеке басты куәландыратын құжаттың көшірмесі;

5) қазақ және орыс тілдеріндегі осы Ереженің 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша диссертацияны тіркеу картасы;

6) докторанттың плагиатқа диссертацияның тексерілгені туралы ҰМҒТСО-ның анықтамасы;

7) қызмет орнында куәландырылған ғылыми кеңесшілердің пікірлері;

8) қызмет орнында куәландырылған 2 рецензенттің пікірі;

9) осы Ереженің 8-қосымшасына сәйкес нысан бойынша диссертациялық кеңес мүшелерінің келу тізімі;

10) диссертацияны қорғау жөніндегі диссертациялық кеңес отырысының толық көлемдегі бейнежазбасы және диссертациялық кеңес төрағасының және ғалым хатшының қол қойған хаттамасы;

11) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы дипломдардың көшірмелері, оларға қосымшалар (транскрипт көшірмелері); (докторант тегі өзгерген жағдайда, тегі өзгертілгенін растайтын құжат көрсетіледі);

12) докторантураның кәсіптік оқу бағдарламаларын меңгергені туралы транскриптің көшірмесі;

13) диссертациялық кеңеске өтініші берілгенге дейін еңбек кітапшасының нотариалды куәландырылған көшірмесі;

14) докторанттың осы Ереженің 12-қосымшасына сәйкес нысан бойынша докторант туралы мәліметтер;

15) университеттің кадр қызметі оқу орнында куәландырылған жеке іс-парағы;

16) диссертациялық кеңес төрағасының бұрыштамасы бар докторанттың қорғауға жіберілу туралы өтініші;

17) диссертацияны қорғауға ұсыну туралы оң шешімі бар кефедраның кеңейтілген отырысының хаттамасы;

18) диссертациялық кеңестің қорытындысы;

19) диссертацияның көшірмелері кітапхана қорына тапсырылғаны туралы кітапхана анықтамасы;

20) диссертациялық кеңеске (басқа жоғары оқу орындарының докторанттарына) арналған ілеспе бағыттаушы-хаты;

21) диссертация тақырыбы мен ғылыми кеңесшілерді бекіту туралы және қорғауға жіберу туралы бұйрықтардың үзінді көшірмелері;

22) есеп комиссия отырысының хаттамалары және бюллетень;

23) философия докторы (PhD) дипломының көшірмесі;

24) докторанттың плагиатқа тексерілгені туралы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің анықтамасы;

25) Этикалық комиссияның қорытындысы.

***Ф-ҒБ-008/07***

*Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық*
*қазақ-түрік университеті жанындағы*
*Диссертациялық кеңес Ережесіне 11-қосымша*

## ТІРКЕУ-ЕСЕПТІК КАРТОЧКАСЫ

| Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) (толық) | | | |
|---|---|---|---|
| Туылған жылы | Азаматтығы | Ұлты | Аттестаттау ісінің № |
| Диссертациялық кеңес | | Шешім қабылданған күні, айы, жылы | Шешімнің № |
| Диссертация қорғалған жоғары білім беру ұйымының атауы | | | |
| Ғылыми дәреже ізденуші | | Мамандық/білім беру бағытының атауы | |
| Ғылыми дәреже берілді | | | Дипломның № |
| Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор | | | |

**Ескерту:**

1. Мәтін 148x105мм форматтағы тығыз ақшыл қағаздан жасалған карточкада басылады.
2. «Аттестациялық істің №» және «Дәреже берілді» деген бағандар Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде толтырылады.
3. Карточканың артқы жағында ізденушінің тегі аты, әкесінің аты қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде көрсетіледі және оның қолымен расталады.

***Ф-ҒБ-008/05***

*Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық*
*қазақ-түрік университеті жанындағы*
*Диссертациялық кеңес Ережесіне 12-қосымша*

| | |
|---|---|
| **Фото 3х4** | Докторант туралы мәлімет<br>________________________________________<br>(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)) |

| | | |
|---|---|---|
| 1 | Туған күні және жері, азаматтығы, ұлты | |
| 2 | Докторантурада оқығаны туралы ақпарат (жоғары білім беру ұйымы және оқу мерзімі) | |
| 3 | Докторантура мамандығы | |
| 4 | Диссертацияның қорғалған орны және күні | |
| 5 | Диссертацияның тақырыбы және жазылған тілі | |
| 6 | Ғылыми консультанттар (Т.А.Ә., лауазымы, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, азаматтығы) | |
| 7 | Ресми рецензенттер (Т.А.Ә., лауазымы, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, азаматтығы) | |
| 8 | Жарияланымдар саны, барлығы, оның ішінде: | |
| | Комитет ұсынатын басылымдарда | |
| | Web of science (Вэб оф Сайнс) және Scopus (Скопус) базасындағы шетел басылымда | |
| | халықаралық конференция материалында, оның ішінде: | |
| | шетелдік конференция материалында | |
| 9 | Еңбек жолы | |

| | Қабылдау мерзімі | Босату мерзімі | Жұмыс орны, лауазымы | Мекеменің мекен-жайы |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |
| | | | | |

| | | |
|---|---|---|
| 10 | Мекен-жайы, байланыс деректері | |

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы ______________________________
(қолы, аты-жөні және тегі)

Мөр орны Мерзімі 20__ жылғы «__»____________

*ҚОСЫМША 13*

*Ф-СМБ-004*

## Танысу парағы

| № | Аты-жөні | Қызметі | Мерзімі | Қолы |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |

***ҚОСЫМША 14***

***Ф-СМБ-002***

## Өзгерістерді тіркеу парағы

| № р/с | Өзгеріс енгізу туралы шешім | | Парақ нөмірі | | | | Қағаз саны | Өзгерістерді енгізу мерзімі | Өзгерістерді Жүзеге асыратын тұлға | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | құжат | № бұйрық | Өзгертілген | Ауыстырылған | Жаңа | Есептен шығарылған | | | Аты-жөні | Қолы |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |